

«Қазына» бөбекжайы



**«Жұлдызша» мектепалды даярлық тобының
2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспары**

Тәрбиеші: Сатимова А.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

2022 - 2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «Қазына» бөбекжайы

Топ: «Жұлдызша» мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оку жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- дene сапаларын қалыптастыру;- тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлыш дағдыларына жаттықтыру;- қимылды және командағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту;- шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дene шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту;- балалардың дene қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың аладын-алуга

	<p>медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу;</p> <p>- ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>1) жүру. Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру; тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеру, заттарды аттап өту, түрлі қарқында, тәрбиешінің белгісімен тоқтау, қозгалыс бағытын өзгерту, шашырап, заттар арасымен, адымдап алға қарай жүру, қадамды алмастыра жүру, жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру;</p> <p>2) жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сзызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелендеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру;</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар.</p> <p>Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дene жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғакты етіп орындау. Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату. Бір қырымен</p>
--	---

тізе бүгे отырып жүру. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтау. Тұзу бағытта шоқырақтап жүру. Жұптасып, шеңбер бойымен қозғалу.

Спорттық жаттығулар:

4) велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тұра жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу;

Спорттық ойын элементтері:

1) баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алғып жүру;

Дербес қимыл белсенділігі.

Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық органды жасау.

Көпнұсқалық ойындар үшін кеңістікті үйимдастыру. Құрдастарымен жарыстар үйимдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут)

		орындауга қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>1) дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы үқсас дауыссыз г – f, л – r, ж – z, с – z, ж – ш, н – н, х – h дыбыстарын естуі бойынша ажыратуды және анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, ұстеулермен, жүрнақтар және жалғаулармен байыту;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және курделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>1) тыңдау және тілді түсіну дағдыларын</p>

		<p>қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтік ойларын байланыстырып құра білуғе, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруды үйрету.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</p> <p>Шығармашылық әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару; сипаттау және хабарлау әңгімелерін шығару, байланысқан бірізді сюжетті құрастыру, сөйлегенде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>1) оқу, әңгімелеу. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы, қоршаган орта, табигат туралы түсініктерін қалыптастыру, қазақ халқының, ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз</p>

		әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру.
Sayat ашу негіздері		<p>1) дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру;</p> <p>2) сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз).</p>
Қазақ тілі		<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ;</p> <p>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алушуды және айқын дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың жемістердің, көгөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну (киіз үй, оның ішінде жиһаз, тұрмыстық заттар) дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен орындалатын әрекеттерді білдіретін сөздерді</p>

	<p>айтууды және түсінуді үйрету;</p> <p>3) 10-ға дейін тұра және кері санауды үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;</p> <p>2) сөз тіркестерін түсінуді үйрету және сөздерді өзара байланыстыру дағдысын жаттықтыру;</p> <p>3) зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстыра сөйлеу:</p> <p>1) қарапайым сұрактар қоюды және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді, диалогқа қатысады үйрету;</p> <p>2) өзінің тұратын жерін (қала, ауыл) атауды үйрету;</p> <p>3) педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы және суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды үйрету;</p> <p>4) мақал-мәтелдерді айтууды үйрету.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын.</p> <p>Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден</p>

	<p>құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. "Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру.</p> <p>Сан, санау.</p> <p>Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6 санының пайда болуымен таныстыру. 7 көлеміндегі санды тұра және кері санауга үйрету. 7-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифrlар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекі негізінде 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі санды тұра және кері санауды үйрету.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы (тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр).</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Күзде</p>

		табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажыратада білуге үйрету.
Құрастыру		<p>Құрылым материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) болашақта жасалатын құрылышты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау; 2) шамасы бойынша әртүрлі құрылыштардың нұсқаларын жасай білу;
Сурет салу		<p>Заттық сурет салу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көгөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу; 2) пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып,

	<p>негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, тұстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың тұстеріне, өз талғамымен тұстерді таңдауға үйрету;</p>
Мұсіндеу	<p>Заттық мұсіндеу.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мұсіндеуге; 2) қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мұсіндеуге үйрету; 3) көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мұсіндеу. <p>Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мұсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің</p>

		ұстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру.</p> <p>Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту:</p> <p>жолақшаларды тікбұрыштар етіп қиу,</p> <p>шаршыларды үшбұрышты етіп қиу, шаршы</p> <p>немесе тікбұрыштың шеттерін қиу арқылы</p> <p>дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) екіге бұқтелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиуды; 2) қатпарланып бұқтелген қағаздан бірдей біrnеше пішіндерді және екіге бұқтелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиуды; 3) елестету бойынша біrnеше бөліктерден заттар жасауды; 4) жырту тәсілімен жапсыруды. <p>Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді қиып алу, заттарды біrnеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту.</p>

Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуды. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық, домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазының, қобызшы Қорқыттың шығармашылығымен таныстыру.</p> <p>Ән айтуды.</p> <p>Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.</p> <p>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Мерекелік әннің шаттық</p>
--------	---

көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың сонын жұмсартып айту. Қазақ халқының музыкасын қабылдау.

Музыкалық-ырғактық қимылдар.

Музыка сипатын анық ырғакты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғакты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.

Ойындар, хороводтар.

Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.

Билер.

Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

Би шығармашылығы.

Таныс би қымылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.
Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Ересектердің орындаудың музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әуенниң ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

2022 - 2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «Қазына» бөбекжайы

Топ: «Жұлдызша» мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оку жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- дене сапаларын қалыптастыру;- тұрмыста, көшеде, табигат жағдайларында қауіпсіз мінездүкүлік дағдыларына жаттықтыру;- қимылды және командағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байту;- шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дене шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту;- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың аладын-алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу;- ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.

Негізгі қимылдар:

3) секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, тіzenің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м); қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м), он және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м), орнынан биіктікке, арқаннан, сзықтан аттап секіру, он және сол аяғын кезектестіріп секіру, биіктікten секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру;

4) лақтыру, қағып алу, домалату: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4–5 рет), допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату, допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алу, 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанана құм салынған қапшықты, асықты дәлдеп лақтыру, допты екі қолымен бірбіrine (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттар арасымен жүргізу (арақашықтығы 4 м), алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м);

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дene жаттығуларын музыка әуенімен әсемде, ырғақты етіп орындау. Аяқты өкшеге кезектестіріп

қойып, топылдату. Бір қырымен тізе бүгे отырып жүру. Қарапайым музыка ыргағына сай қолды шапалақтау. Түзу бағытта шоқырақтап жүру. Жұптасып, шеңбер бойымен қозгалу.

Спорттық жаттығулар:

- 4) велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тұра жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу;
- 5) жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жогары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесімен деңгейлес созылған). Иек, көз деңгейіне дейін суға отыру, суға бетін батыру, суға үрлеу;
- 6) судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойын элементтері:

- 1) баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру;
- 2) бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру;

Дербес қимыл белсенділігі.

Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозгалыстық ортаны жасау. Көпнұсқалық ойындар үшін

	<p>кеңістікті ұйымдастыру. Құрдастарымен жарыстар ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза аудада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дыбыстардың дұрыс, анық айтылуын бекіту, артикуляциясы мен дыбысталуына қарай ұқсас дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратуды және анық айтуды үйрету; 2) дыбыстардың накты артикуляциясын, интонациялық мәнерлілігін қалыптастыру; 3) сөздерді дыбысталуына қарай салыстыруды, берілген дыбысқа сөздерді тандауды үйрету. <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) балалардың сөздік қорын зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, ұстеулер, демеуліктермен байыту.

	<p>2) қарым-қатынас жасау үшін, әртүрлі заттардың сыйнипатын атау үшін қажетті сөздерді түсіну және сөйлеу тілінде қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>3) зат есімдер мен жалпылауыш сөздерді дұрыс қолдану білігін дамыту;</p> <p>4) қоршаған орта туралы түсініктер мен білімдерін қалыптастыру барысында сөздік қорын дамыту және байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылышы:</p> <p>1) түбірлес сөздерді, етістіктерге жүрнақтарды дұрыс жалғап қолдануды; сөйлеу этикетінің формаларын қолдануды; жай және курделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстыра сөйлеу:</p> <p>1) сөйлеуді тыңдау және түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалогтық сөйлеуді үйрету. Негізгі ойды дұрыс тұжырымдауды, біртұтас байланысқан монологтық айтылымдарды құруды, дәйекті және дәл мазмұндауды, қысқаша сипаттамалық және баяндау әнгімелерді құрастыруды үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>2) мәнерлеп оқу. Балаларды дауыс ыргағымен мәнерлеп оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік</p>

	<p>бейнелілігін сезінуге баулу;</p> <p>3) мазмұндау. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көніл күймен, қисынды мазмұндауды үйрету;</p>
Саят ашу негіздері	<p>3) дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты-жуан/жіңішке; дауыссыз-қатан, ұян, ұнді), оларды дұрыс атау;</p> <p>4) сөйлем құруға, сөздердің ретін көрсете отырып, жай сөйлемдерді сөздердің ретін көрсете отырып, жіктеуге жаттықтыру;</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h;</p> <p>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алушуды және айқын дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) құнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың (киіз үй, оның ішінде жиһаз, тұрмыстық заттар), жемістер, көгөністер, жануарлар мен құстардың атауларын атауларын дұрыс айту және түсіну біліктерін қалыптастыру;</p> <p>2) заттардың сын-сипатын (түсі, көлемі), заттармен</p>

	<p>орындалатын іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуды және түсінуді үйрету;</p> <p>3) 10-ға дейін тұра және кері санауды үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; 2) сөз тіркестерін түсінуді үйрету және сөздерді байланыстыруға жаттықтыру; 3) зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдыларын қалыптастыру. <p>Байланыстыра сөйлеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қарапайым сұраптар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, диалог құруды үйрету; 2) өзінің түрғылықты жерін (қала, ауыл) атауды үйрету; 3) педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы және суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды үйрету; 4) мақал-мәтелдерді айтуды үйрету.
Математика негіздері	<p>Шама.</p> <p>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық</p>

	<p>терминдерді қолдану.</p> <p>Заттарды түрлі белгілері бойынша (тұсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады.</p> <p>Сөйлеуде мына сөздерді қолдана білуді қалыптастыру:</p> <p>"ұлкен – кіші", "ұлкенірек – кішірек", "өлшемдері бірдей", "ұзынырақ – қысқарақ", "ұзындығы бойынша бірдей", "жоғарырақ – төменірек", "биіктігі бойынша бірдей", "таркең" "ені бойынша бірдей"; "қалың, жұқа", "қалындығы бойынша бірдей"; женіл, ауыр, "салмағы бойынша бірдей"; "пішіні бойынша бірдей және әртүрлі"; тұсі бойынша бірдей және әртүрлі.</p> <p>Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Өсімдіктер әлемі:</p> <p>1) балаларды бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылышы, күтім жасау тәсілдері. Өсімдіктерді (фикус, шырайгүл, барқытшөп) сипаттамалық белгілері бойынша атау және тани білу</p>

	<p>дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) балалардың көгөністер мен жемістер, ағаштар туралы түсініктерін бекіту. Балаларды орман жидектері мен санырауқұлақтарын тануға үйрету;</p> <p>3) бидай өсіру туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету.</p>
Құрастыру	<p>3) ұжымдық құрылыштар салу;</p> <p>4) түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру.</p> <p>Үлкен емес жазықтықты үлкен етіп біріктіру, кірпіштердің, қырлы бөренелердің араларын бірін-біріне жиі қойып құрылышты берік ету, биіктігі құрделі құрылышты бөлу сияқты құрастырудың жаңа әдістерін үйрету.</p>
Сурет салу	<p>3) бірнеше біртекті заттардың мөлшеріндегі ерекшеліктерін жеткізе білу іскерліктерін қалыптастыру.</p> <p>Өздері білетін пішін жасау тәсілдерін бекіту:</p> <p>1) бірнеше заттардың мөлшеріндегі ерекшеліктерін жеткізе білу;</p> <p>2) көгөністер мен жемістер, балық, жануарлардың суретін салу барысында дөңгелек пішіндегі бірнеше заттардың</p>

	<p>көлеміндегі айырмашылықты бере білу;</p> <p>3) төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты;</p> <p>4) көлік құралдары, адамдардың тұлғасы сияқты құрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуі.</p> <p>Балаларға суретке қарап салуды және елестете отырып (жануарлардың, адамдардың және ойыншықтардың) суретін салуға үйрету, құрделі емес қымылдарды бере білу, бейненің айқындылығына, қымыл барысында қолдың, аяқтың қалыптарының өзгеруіне қол жеткізу. Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын бере білуге үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру (бояудың қажетті қоюлығын алу үшін, акварель бояуын сумен араастыру).</p>
Мұсіндеу	<p>Сәндік мұсіндеу.</p> <p>Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мұсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мұсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша тандауды ұсыну.</p>
Жапсыру	<p>Сәндік жапсыру:</p> <p>1) түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық</p>

	<p>элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; Бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау;</p> <p>2) ұлттық кілемдерді, ас тақтайшаларын, сұлгілерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді, қымыз құятын ыдыстарды (торсық), бұйымдарды, шырша әшекейлері мен ойыншықтарын, жана жылдық құттықтау ашық хаттарын, топ бөлмесін безендіруге, қыс тақырыбындағы ұжымдық панно жасауға үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.</p> <p>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуды. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық, домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазының, қобызшы Корқыттың шығармашылығымен таныстыру.</p> <p>Ән айтуды.</p> <p>Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қыын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауды үйрету, септима мен</p>

терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғарытөмөн) көрсете отырып, әуенниң жоғарғы-төмөнгі қозғалысын ажырату.

Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Мерекелік әннің шаттық көнілін көнілді жеткізіп, женіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Қазақ халқының музыкасын қабылдау.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын женіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.

Ойындар, хороводтар.

Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шенберде айтылатын әндермен шенберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көнілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шенберден кіші шенберге қайта тұру.

Билер.

Әуенниң би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін

орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.

Ересектердің орындаудағы музыкалық пьесаларды тындау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

2022 - 2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «Қазына» бөбекжайы

Топ: «Жұлдызша» мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оку жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. <p>Негізгі қимылдар.</p>

Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сзызықта қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдықта (ұзындығы 20 метр) жүгіру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір- біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Спорттық жаттығулар.

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуга баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Судагы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар.

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастырына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, менгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүргүне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.

Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, үйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған

қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау.
Науқастарға жана шырлық танытуға тәрбиелеу.

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуңдің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне құтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.

Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.

	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың енбекке қатынасын білдіретін ұстеулермен байыту.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p> <ul style="list-style-type: none"> - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт- дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
Саят ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - саят ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуғе баулу; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Тұған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табигаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p>

	<p>Балалардың қоршаган ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуда дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға).</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтастыру; - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. <p>Шама.</p> <p>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін</p>

		математикалық терминдерді қолдану.
	Коршаған ортамен таныстыру	<p>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;</p> <p>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;</p> <p>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырылыш сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;</p> <p>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сактау.</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуғе, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек</p>

	<p>көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарau.</p> <p>Табиғатпен таныстыру</p> <p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңғілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Нениң «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан</p>
Құрастыру	<p>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p>

	<p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (такия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылышын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p>
Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық түрғыдан қабылдауын дамыту. <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мұсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мұсіндеу.</p>

	<p>Жапсыру</p> <p>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.</p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бұктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бұктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиу.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қиу, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>
	<p>Музыка</p> <p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;</p> <p>- қарапайым музыкалық жанрларды ажыратуды үйрету. (күй, ән, би, марш);</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Музыка тындау.</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және</p>

шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музикалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Музикалық-ырғактық қимылдар.

Музиканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғакты жүрумен; музиканың қимыл сипатын жеңіл және ырғакпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы берे білу.

Билер.

Музикаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музикалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музиканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Балалардың музикалық аспаптарында ойнау.

Балалар музикалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

2022 - 2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «Қазына» бөбекжайы

Топ: «Жұлдызша» мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оку жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. <p>Негізгі қимылдар.</p>

Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабыргамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабыргадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Спорттық жаттығулар.

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Шанамен сырғанай. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.

Спорттық ойындар.

Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.

Қымылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қымылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қымылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p> <ul style="list-style-type: none"> - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт- дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуда, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
Саяат ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - саяат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуға, өз пікірін айтуда үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалаудың ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаудаң тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; <p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасызы), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуға, өз пікірін айтуда үйрету; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуға баулу; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. <p>Тілдік дамытушы орта.</p>

	<p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Тұған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Балалардың қоршаган ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтедерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпактар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. <p>Шама.</p>

